


АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ «АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК
АТЫНДАҒЫ №54 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ»
ШАРУШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ
НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ № 54
ИМЕНИ АКСЕЛЕУ СЕЙДИМБЕКА»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНА

БҰЙРЫҚ

«29» тамыз 2024ж

ПРИКАЗ

№ 164

2024-2025 оқу жылында оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бабының 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары» туралы бұйрығына 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес және «Астана қаласының Білім басқармасы» басшысының «2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарындағы тамақтандыруды ұйымдастыру туралы» 2024 жылғы 02.09. №8014 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жекелендірілген санаттағы білім алушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыру 2024 жылдың 02 қыркүйегінен бастап 1-4 сыныптар аралығында: 1082 оқушы, 5-11 сынып аралығында: атаулы әлеуметтік көмек алатын – 6 оқушы, ата анасының қамқорлығынан айырылған жетім – 1 оқушы, аз қамтылған отбасы – 14 оқушы, сонымен қатар ЕГОВ порталы арқылы тегін тамақтану туралы анықтамасы бар оқушылар мектеп асханасынан күніне бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілу ұйымдастырылсын, жауапты – мектептің әлеуметтік педагогі.

2. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналыстырылсын.

3. Мектептегі тамақтануды ұйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне және әдістемелік ұсыныстарына сәйкес санитарлық эпидемиологиялық талаптардың орындалуы жүзеге асырылсын, жауапты – медбике.

4. Асханадағы кезекшілік кестесіне білім қызметкерлері бекітілсін, оқушыларды кезекшілікке тартуға тыйым салынсын, жауапты – тәрбие жөніндегі орынбасар.

5. Тамақтанудың кестесін бекіту кезінде тамақтану уақытының ұзақтығын ескеріп, сабақ арасындағы қоңырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендірілсін, жауапты – оқу ісі жөніндегі орынбасар.

6. Интернет-ресурстарында «Мектептегі тамақтану» аясында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру ай сайынғы ақпарат (мәзір, бракераждық комиссия құрамы) жөнінде ақпарат берілсін, жауапты – ақпараттандыру жөніндегі орынбасар.

7. Әр айдың соңында ыстық тамақ есебін мектептің материалдық бухгалтерия бөліміне тапсыру әлеуметтік педагог Ш.Айткеноваға жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Директор



У.Казыбаева